

"Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 8 тамыздағы № 340 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 10 қыркүйекте № 9726 тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

«Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 11 сәуірде № 7547 тіркелген, «Казахстанская правда» газетінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 306 - 307 (27125 - 27126)) санында жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Ж о н т а е в а) :

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың білім беру ұйымдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министрі Е.Н.

Иманғалиевке

жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2014

жылғы

8

тамыздағы

№ 340

бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2012

жылғы

13

наурыздағы

№ 99

бұйрығына

1-қосымша

Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы (бұдан әрі – Президенттік олимпиада) өткізу қағидаларын анықтайды, Президенттік олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды өткізіу тәртібін белгілейді.

2. Президенттік олимпиада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өткізетін жыл сайынғы іс-шара болып табылады.

3. Президенттік олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:

1) орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кәсіптік бағдар мен болашақтағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау;

2) жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқутуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын тереңдету;

3) тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау.

2. Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4. Президенттік олимпиада жыл сайын үш кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – өңірлік - 1 қарашаға дейін;

2) екінші кезең – іріктеу кезеңі, 2 турда өткізіледі:

1-тур – қашықтық – жыл сайын 15 қарашаға дейін;

2 тур – шығармашылық, қашықтық тур өткізілген күні эссе жазу (1 беттен аспайды, 4 5 м и н у т) ;

3) үшінші (қорытынды) кезең – республикалық (желтоқсанның бірінші онкүндігі).

Президенттік олимпиаданың әр қатысушысы барлық кезеңде тапсырмаларды төрт пәннен орындайды: математика, физика, химия және биология.

5. Президенттік олимпиаданың барлық кезеңдерін тапсырмалармен 0амтамасыз етуді дарынды балалармен жұмыс жүргізу саласындағы ұйым - «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жүзеге асырады (бұдан әрі – «Дарын» Р Ф П О) .

6. Президенттік олимпиаданың өңірлік кезеңін облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі – РБҰ) және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары (бұдан әрі – «НЗМ» Д Б Б Ұ) ө т к і з е д і .

7. Президенттік олимпиаданың іріктеу кезеңі Интерактивті студия желісі арқылы республиканың барлық өңірлерінде бір уақытта өткізіледі.

8. Президенттік олимпиаданың іріктеу және республикалық кезеңі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес (бұдан әрі - Министрдің бұйрығы) «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен өткізіледі

3. Президенттік олимпиадаға қатысушылар

8. Президенттік олимпиадаға бұрын-соңды республикалық және халықаралық пән олимпиадаларына қатыспаған республиканың білім беру ұйымдарының 11-сынып о қ у ш ы л а р ы қ а т ы с а д ы .

9. Іріктеу кезеңіне әр облыс, Астана және Алматы қалалары, «НЗМ» ДББҰ Президенттік олимпиаданың өңірлік кезеңінің қорытындысына сәйкес құрамы 20 адамнан тұратын командалар ұсынады (әр пәнге 5 қатысушыдан), РБҰ – әр пән б о й ы н ш а 2 қ а т ы с у ш ы д а н а с п а й д ы .

10. Республикалық ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі - ұйымдастыру комитеті) іріктеу кезеңінің 2 тур нәтижелері бойынша Президенттік олимпиаданың үшінші (қорытынды) кезеңіне қатысушылардың тізімін бекітеді.

4. Президенттік олимпиаданың қазылар алқасы және ұйымдастыру комитеті.

12. Ұйымдастыру комитетінің құрамы Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

Ұйымдастыру комитетінің құрамына Министрліктің, Министрлікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың, білім беруді басқару органдарының, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлар кеңесі өкілдері кіреді.

13. Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- 1) Президенттік олимпиаданы дайындау мен өткізудегі тікелей басшылық – ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарын қамтамасыз ету;
- 2) Президенттік олимпиаданың қазылар алқасын және академиялық тобының құрамын бекіту;
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министріне Президенттік олимпиаданың қорытындылары бойынша ақпарат беру.

14. Президенттік олимпиаданың қазылар алқасы төрағадан, мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Қазылар алқасының құрамына алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдары, бұрынғы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары енеді.

15. Президенттік олимпиаданың қазылар алқасы:

- 1) Президенттік олимпиадаға қатысушылардың жазбаша жұмыстарын тексереді, олардың нәтижелерін бағалайды;
- 2) ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- 3) Президенттік олимпиада қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді.

5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

16. Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңінің барлық қатысушыларына осы бұйрыққа қоса беріліп отырған формасы бойынша сертификаттар тапсырылады.

17. Президенттік олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері әр пән бойынша Министірліктің дипломдармен марапатталады. Жеңімпаздар саны қатысушылар санының 25%-ын құрайды. Олимпиаданың қорытынды кезеңінде I, II және III дәрежелі дипломдар саны мына үйлесімділікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 50 %-ы, II дәрежелі дипломдармен 30 %-ы, I дәрежелі дипломдармен 20 %-ы марапатталады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар бір пәннен жазылады (олардың белгілі бір пәннен неғұрлым көбірек жинаған балының санына сәйкес).

Жаратылыстану - математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу қағидасына қосымша

Форма

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Сертификат

Жаратылыстану-математикалық
(математика, физика, химия
Президенттік
катысушы

бағыттағы
және

пәндерден
биология)
олимпиадаға

берілді

Директор
М.О.

(қолы)

аты-жөні

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2014

жылғы

8

тамыздағы

№ 340

бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2012

жылғы

13

наурыздағы

№ 99

бұйрығына

3-қосымша

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу

ҚАҒИДАЛАРЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Ғылыми конкурстар) Ғылыми конкурстардың ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Ғылым мен техника бойынша Халықаралық жарыстардың Ғылыми конкурстарын (Intel International Science and Engineering Fair (бұдан әрі – Intel ISEF)) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өткізеді.

3. Ғылыми конкурстардың мақсаттары мен міндеттері:

- 1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- 3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

4. Ғылыми конкурстардың іріктеу кезеңі халықаралық қағидалардың (Intel ISEF) талаптарына сәйкес - Ғылыми Рецензиялау Комитеті (бұдан әрі – ҒРК) өткізеді. ҒРК – Ғылыми конкурстардың әр кезеңіндегі заңдары, қаулылары және ережелері бар ғылыми жұмыстардың, сертификаттардың, ғылыми зерттеу жоспарларының, экспонаттарының бағалануына жауапты білікті мамандар тобы болып табылады.

Ғылыми конкурстардың барлық деңгейлерінде ғылыми жалғандық және бұрмалауға, басқа конкурстарға бұрын-соңды ұсынылған жұмысты өз жұмысы ретінде пайдалану немесе ұсыну, жалған мәліметтер беруге жол берілмейді.

5. ҒРК ұсынылған жұмыстарды қарайды, бағалау критерийлары бойынша қосындылап, Ғылыми конкурстарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі республикалық ұйымдастыру комитетімен бекітілген әр жобаны рецензиялайды және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша облыстық кезеңге, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша республикалық кезеңге қатысушыларды анықтайды.

6. Ғылыми конкурстардың қорытынды кезеңінің қазылар алқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрімен бекітіледі.

7. Ғылыми конкурстарға:

1) аталған ғылым саласындағы фактілер, оқиғалар, құбылыстар және бұрын танылмаған, ерекше жақтары көрсетілген;

2) мектеп тәжірибелерін жетілдіруге, өндірістік процесстердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін, практикалық міндеттерді шешуге жаналықтар әкелетін аппараттардың, модельдердің, құралдардың конструкциялары ұсынылған;

3) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық-заңдыққа негізделген компьютерлік модельдер және жобалар ұсынылады.

8. Ғылыми конкурстарға:

1) жарысқа кәметке толмағандар үшін рұқсат етілмейтін аспаптармен жұмыстар, жануарларға қатігездік көрсетілетін эксперименттер, адам денсаулығы мен жануарлар үшін зиян келтіретін заттармен жүргізілетін жұмыстар (улы, радиоактивтік, канцорегендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді немесе шартты патогенді заттар, микроағзалар, вирустар, ішімдік, никотин) жарысқа қатысуға жіберілмейді;

2) республикалық жарыстарда бұрын ұсынылған жұмыстар жіберілмейді.

9. Зерттеу жұмыстарын рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс:

т и т у л п а р а ғ ы ;

м а з м ұ н ы ;

абстракт (аннотация) қазақ немесе орыс тілдерінде (зерттеу жұмысының қай тілде дайындалғанына байланысты), және ағылшын тілінде жазылады;

к і р і с п е ;

з е р т т е у б ө л і м і ;

қ о р ы т ы н д ы ;

пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

2) титул парағында мыналар көрсетіледі:
жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;

автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыныбы;

ж ұ м ы с т ы ң а т а у ы ;

жұмыстың дайындалған бағыты, секциясы;

жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;

қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

3) абстракт (аннотация) (250 сөзден артық емес) қамтылған жұмыстың қысқаша
м а з м ұ н ы н к ө р с е т у і т и і с :

з е р т т е у д і ң м а қ с а т ы ;

г и п о т е з а с ы ;

к е з е ң д е р і , з е р т т е у д і ң р е т і ;

т ә ж і р и б е н і ң ә д і с т е м е с і ;

зерттеудің жаңалығы және дербестік дәрежесі;

жұмыстың нәтижесі және қорытындысы;

нәтижелерді практикада қолдану салалары;

4) кіріспеде (2 беттен артық емес) мыналар келтіріледі: таңдалған зерттеу
тақырыбының өзектілігі, осы жұмыстың мақсаты (міндеті); қойылған міндеттерді
ш е ш у ә д і с і қ ы с қ а ш а к ө р с е т і л е д і ;

5) жұмыстың зерттеу бөлімі (20 беттен кем емес) жеке тараулардан (параграфтардан
) т ұ р а д ы ж әне м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

осы жұмысты жүргізудің қажеттілігіне көз жеткізуге және оның мақсатын (міндетін
) құрастыруға мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге

т а л д а м а ш о л у ж а с а у ;

қойылған міндеттерді шешу әдістерін сипаттау;

жұмыстың нәтижелері және оларды талқылау;

суретті материалдар (сызбалар, кестелер, фотосуреттер және суреттер);

6) пайдаланылған әдебиеттерге сілтемені төртбұрышты жақшада көрсету керек.
Мәтінде кездесетін сілтемелердің шығуына қарай, нөмірлеу реті болады;

7) қорытынды (бір беттен артық емес) жұмыстың негізгі нәтижелері және олардың
негізінде жасалған қорытындыларын, жұмыстың нәтижелерін ғылыми және
практикалық мақсаттарға пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды;

8) пайдаланылған әдебиеттер жұмыс соңында жалпы тізіммен мынадай тәртіпте
б е р і л е д і :

автордың тегі және қысқартылған аты-жөні;

мақаланың және журналдың аты (журналдағы мақалалар үшін);
журналдың, кітаптың аты;
басып шығарылған орны және баспасы (кітаптар үшін);
басылған жылы, шығу нөмірі, беті;

9) әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сіңірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстары көрсетілген жетекшінің пікірі қоса берілуі керек;

10) төртінші кезеңге (баяндамаға) 135x125 шаршы сантиметр көлемдегі стендке орналастыру үшін демонстрациялық материалдарды жасау ұсынылады.

10. Стендті ресімдеуге қойылатын талаптар:
стендтің жоғарғы жағына көлденеңінен абстрактын, қатысушының атын, жасын, мектебінің, ауыл/қаласының, облысының атын орналастыру қажет;
стенд материалдары жұмыстың мазмұнын сипаттайтын нөмірленген кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар енгізіліп, қорытындылары көрсетіліп, талғаммен ресімделеді;

мазмұнды дайындау кезінде негізгі назарды жоба авторының алған нәтижелерін көрсетуге аударылады.

11. Уәкілдік мүшемен бекітілген ғылыми жетекші жұмыс нәтижелері диплом жұмыстарынан, магистрлік және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілмеген, алынған нәтижелердің нақтылығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Оқушы жаңа білім мен өз бетінше зерттеу қызметінің дағдыларына ие болып, өз қолынан келетін жұмысты орындауы керек.

2. Ғылыми конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

12. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығында (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) Intel ISEF-ке (Вашингтон, АҚШ қ.) тіркелінген жобаларды бекіту аффилендіру үшін тиісті жылдағы 20 қыркүйегінен кешікпей тіркеледі.

13. Ғылыми конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – мектепшілік, аудандық орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында өткізіледі;

2) екінші кезең – облыстық (Алматы және Астана қалаларының білім беру ұйымдарының конкурстары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі – РБҰ) мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ), мәртебесі жағынан облыстық жарыстармен теңестіріледі). Осы кезең 2 турда өткізіледі:

Бірінші тур – жобаны қорғау, екінші тур – осы Қағиданың қосымшасында көрсетілген жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалардың республикалық

конкурстары өтетін пәндер тізбесіне сәйкес сыныбына, оқыту тіліне қарай бейіндік пәнді тереңдетіп оқыту бағдарламасы бойынша тестілеу.

Әдістемелік кеңес құрастырған тестілер орындауға 2 астрономиялық сағат берілетін 60 сұрақты (120 балл) қамтиды.

Қатысушылар тестілеудің жалпы балл санынан 50%-дан төмен емес ұпай жинауы тиіс. Командалық жұмыстар үшін өту балы жұмыстың авторлары жинаған балдардың орташа арифметикалық саны болып табылады.

3) үшінші кезең - іріктеу, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жобаны алдын ала сараптауды облыстық білім беру ұйымдары өткізеді, жаратылыстану - математикалық бағыттағы жобаны алдын ала сараптауды "Дарын" РҒПО өткізеді.

4) төртінші (қорытынды) кезең - республикалық - жобаны қорғау.

14. Ғылыми конкурстардың бірінші және екінші кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары жетекшілерінің бұйрықтарымен анықталады. Ғылыми конкурстардың үшінші, төртінші кезеңдері Министрліктің бұйрығымен белгіленген мерзімде өткізіледі. Ғылыми конкурстар осы Қағиданың қосымшасына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізбесі бойынша өткізіледі.

15. Ғылыми жетекшінің немесе оқушылардың ғылыми қоғамының ұсынуымен, ғылыми конкурстың бірінші кезеңіне 9-11 сынып оқушылары қатысады.

Зерттеу жұмыстарын екі оқушыдан кем емес орындайды.

16. Екінші кезеңге бірінші кезең жүлдегерлері қатысады, олар ғылыми жетекшінің пікірін және ілеспе құжаттарды (өтінім, мектептің есебі, зерттеу журналы) ұсынады.

17. Үшінші кезеңін қорытындылау кезінде осы Қағиданың 5 тармағына сәйкес тестілеуде алған балдары мен жобаны қорғауда алған балдары қосылады.

18. Ғылыми конкурстардың қорытынды кезеңіне қатысуға үміткер Ғылыми конкурстардың үшінші кезеңінің қорытындысы бойынша неғұрлым көп балл жинаған, облыстық, Астана, Алматы қалаларының, РБҰ-ның, «НЗМ» ДББҰ (әр бағыт бойынша екі жобадан кем емес) жүлдегерлері.

19. Төртінші кезеңге қатысушылардың тізімін ҚР білім және ғылым вице-министрімен бекітіледі және бекітілгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары мен РБҰ, «НЗМ» ДББҰ-ның назарына жеткізіледі.

20. Төртінші кезең – зерттеу жұмысын қорғау және осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес рәсімделген стенд материалын ұсыну. Жұмысты қорғау кезінде авторға (біріккен авторларға) баяндама үшін 10-15 минут беріледі.

3. Ғылыми конкурстардың жеңімпаздарды марапаттау

21. Ғылыми конкурстардың облыстық кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

22. Республикалық кезең жеңімпаздарының саны әр бағыт және әр жоба бойынша Ғылыми конкурстардың республикалық кезеңіне қатысушылардың жалпы санының 45% - ын құрайды.

Ғылыми конкурстардың республикалық кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. I, II және III дәрежелі дипломдар саны мынадай үйлесімдікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 50%-ы, II дәрежелі дипломдармен 30%-ы, I дәрежелі дипломдармен 20%-ы марапатталады.

23. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес бірдей балл санын жинаған жағдайда, республикалық кезеңнің жеңімпаздарының саны қазылар алқасының шешімімен көбейеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидасына қосымша

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізімі

| Бағыттар | Пәні |
|---|---|
| 1. Физика | Физика |
| 2. Техника | Физика |
| 3. Жер және ғарыш туралы ғылымдар | Физика |
| 4. Математика | Математика |
| 5. Қолданбалы математика | Математика |
| 6. Информатика | Математика, информатика |
| 7. Экономика | Математика, география |
| 8. Биология | Биология |
| 9. Химия | Химия |
| 10. Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығын сақтау | Биология |
| 11. Тарих | Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы |
| 12. Адам және қоғам | Дүниежүзі тарихы, адам. Қоғам Құқық. |
| 13. Өлкетану | География және Қазақстан тарихы |
| 14. Әдебиет | Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті |
| 15. Этномәдениеттану | Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті |
| 16. Тіл білімі | Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, неміс және француз тілдері |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК